



Түркістанда Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – «AGROFEST TÜRKISTAN – 2025» атты салтанатты іс-шара өтті. Оған Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Yrys aldy - yntymaq

ARYS

agqatq



Gazet
1935
jyldan
shyǵady

Respýblikalyq aqparattyq-saraptamalyq, mádeni-tanymdyq gazet

№49 (6511) 6 jeltoqsan 2025 j.

Ел игілігі: мақсат пен міндет

АРЫС – ОЗАТ АУДАН!

ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемін өндіру бойынша Арыс қаласы жүлделі орынды жеңіп алды



Аталған мерекелік шарада Арыс қаласының ауыл шаруашылығы саласы бойынша жеткен табыстары ерекше атап өтілді. Биыл Арыс қаласы ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемін өндіру көрсеткіші бойынша облыс арасында ІІ орынға ие болып, озат аудан атанды. Бұл – жергілікті диқандардың қажырлы еңбегі, табандылығы мен кәсібилігінің нақты көрсеткіші. Арыс қаласы үшін бұл – ауыл шаруашылығы саласындағы елеулі жетістік. Барлық диқандарымызды кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Оларға табысты еңбек пен өркендеген ауыл шаруашылығының жемісін тілейміз.

Іс-шара барысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, өңір диқандарының 300 тоннадан астам табиғи өнімдері көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, қайта өңдеу кәсіпорындарының көрмесі, сондай-ақ, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жүзеге асқан өнімдер мен жетістіктер де таныстырылды. Көрмеде жергілікті табиғи өнімдердің сапасы мен молшылығы тұтынушыларға ерекше әсер қалдырды.

Арыс қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Өзекті: БАҚ һәм әлеуметтік желі

ӘР МАҚАЛАҒА СЫНИ ТҰРҒЫДА ҚАРАЙЫҚ

Қазір елімізде ақпарат құралдарының дамыған заманы. Газет-журнал, радио, теледидарға интернет желісі қосылды. Бұрын баспасөзге жарияланатын және радио-теледидарда берілетін материалдар қатаң сүзгіден өтетін. Цензура жұмыс жасайтын. Енді демократиялық ел боламыз деп, оларға еркіндік берілді. Содан кей жағдайда елімізге белгілі азаматтарымыз туралы қисынсыз пікір айтылып, оны айтамыз, тіптен, қоғамдық-саяси жайлы арандатушылыққа дейін баратын материалдар да кездеседі.

Құрметті оқырман қауым, қадірлі жерлестерім, мұндай жағдайда өте сақ болып, байыппен, байсалдылықпен қарап, қырағылық танытуымыз қажет. Бұл кезде біздің сүйенер басты құжаттарымыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы, қоғамдық ұйымдар мен ақпарат құралдары туралы заңдар болуы тиіс. Бір-екі мысал келтірейін. Белгілі ақын, драматург және сатирик, алғашқы сатиралық романның авторы, жерлесіміз Садықбек Адамбеков туралы желіде «Қарттар үйінде қайтқан

каламгер» деген мақала жазыпты белгісіз автор. Мен дереу өтірігін әшкерелеп, қарсы мақала жазып, желіге салдым. Белгісіз автор бірден өшіріп тастапты. Айтқандай, осы мақалаға алғашқы болып қарсылық білдіріп, қырағылық танытқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдісаттар Жүніс пен қаламыздың Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Әбдімәлік Ағыбай бауырымызға ризашылығымызды білдіреміз.

Ал, жуырда Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясы туралы әлеуметтік желіде материал жазылған екен. Онда сәуір айында референдум өткізу, оған Қазақстан мен Ресейдің одақ құру туралы мәселе қойылатыны айтылыпты-мыс. Бұл, енді, тіптен қисынсыз, қаттырақ айтсақ, арандатушылық пиғыллы материал. Мұндай жағдайда біздің басты ұстынымымыз: еліміздің Конституциясы мен тиісті заңдары болуы керек. Ақпарат құралдарындағы ресми материал мен сайттар болуы тиіс.

Оразхан АРЫСТАНБАЕВ, Арыс қаласының Құрметті азаматы.



Ақпарат

Аламан дода

Отырар ауданында сатирик, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Көпен Әмірбектің 75 жылдығына арналған «Театр – өмір айнасы» атты облыстық халықтық театрлар байқауы өтті. Өнер мерекесіне облыстың барлық аудан-қалаларынан 15 халықтық театр қатысып, екі күн бойы өз өнерін ортаға салды.

ОБЛЫСТЫҚ ТЕАТРЛАР БАЙҚАУЫНДА

Арыс қаласы үшінші орын иеленді

Байқаудың ауқымдылығы соншалық, қазылар алқасы құрамында Р.Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрының директоры Арман Әлиев, белгілі театр актері Шәкен Амантұров және «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Асылхан Темірхан болды. Қазылар тарапынан қойылымдардың сахналық мәдениеті, актерлік шеберлігі, режиссерлік шешімдері мен шығармашылық ізденісі жан-жақты бағаланды.

Байқау барысында қатысушы театрлар комедия жанрында 15 түрлі қойылымды көпшілік назарына ұсынды. Барлығы да Көпен Әмірбек пен қазақ сатириктерінің шығармашылық мұрасына негізделіп, авторлардың терең ойына, халықтық рухына және қоғамдық құбылыстарды астарлы жеткізу мәнеріне құрылған туындылар болды. Қойылымдар көрерменді күлдіріп қана қоймай, ойлантып, рухани әсерге бөлеп, театр өнерінің қоғамдағы маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Осы тартысты додада қаламыздың халықтық көркем-өнерпаздар ұжымы – драма үйірмесі жоғары дайындық, актерлік шеберлік және шығармашылық ізденісі нәтижесінде жүлделі ІІІ-орынды жеңіп алды. Бұл – арыстық өнерпаздардың еңбегі мен талантының лайықты бағалануы.

Жалпы, қаламыздың өнер ұжымы аймақтық деңгейдегі байқауларға қатыса отырып, өңір мәдениетінің дамуына өз үлесін қосып келеді. Алдағы уақытта да өнерсүйер қауымды жаңа қойылымдарымен қуантады деген сенім мол.

Ашы мандай тер, тынымсыз еңбек, үлкен шығармашылық ізденіс жемісі – жүлде құтты болсын!

«Арыс ақиқаты».

● **Мінбер**

ӘДЕПТІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ КӘСІБИЛІКТІҢ АЙНАСЫ

Талғат АНАШБЕКОВ,
Арыс қаласы әкімі аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл

Мемлекеттік қызмет – тек құжат пен есептің жұмысы емес, ол ең алдымен, адаммен тікелей қызметтесу. Сондықтан, қызметшінің әдебі, оның кәсіби дайындығы аса маңызды. Әдеп нормалары сақталған жерде түсіністік бар, ал, түсіністік бар жерде мемлекеттік органға деген сенім қалыптасады.

Қызмет барысында әрбір қызметкер өзінің мінез-құлқы арқылы мемлекеттік органдардың беделін танытады. Азаматтың сұрағына дұрыс жауап беру, шағымын тыңдау, мәселесін сабырмен түсіндіру – бұл жай ғана этика емес, халыққа көрсетілетін құрметтің белгісі.

Әдеп жөніндегі уәкілдің міндеті – осы мәдениетті жүйелі түрде нығайтып отыру. Қызметкерлер арасында ашық диалог орнату, туындаған жағдайларда дұрыс кеңес беру – уәкіл жұмысының негізгі бөлігі. Мақсат – жазалау емес, алдын алу, түсіндіру және қолдау.

Әдепке мән беретін ұжым – тұрақты, тату және нәтижелі ұжым. Ал, мұндай орта – мемлекеттік қызметтің сапасын арттыратын маңызды фактор.